

ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Отбасын жоспармен құрғанда адамдар қалаған бала саны мен олардың арасындағы туылу жас айырмашылығын анықтауға қол жеткізеді. Оған контрацепция әдісін қолдану және бедеулікті емдеу арқылы жетеді.

**Отбасын
жоспарлау
не нәрсеге
көмектеседі:**



**Адам құқығын іске
асырады**



**Өмірді құтқарады
және денсаулықты
сақтайды**



Кедейлікті азайтады



**Әйелдердің құқығы мен
мүмкіндігін кеңейтеді**



Тұрақты дамиды

Әлемдік қауымдастық 2030 жылғы дейінгі кезеңде әйелдердің контрацепцияға қанағаттандырылмаған қажеттілігін жоюға және жүктіліктің алдын алатын заманауи әрі тиімді құралдарды еркін таңдауға жағдай жасауды өз міндетіне алды.

ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САЯСАТЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ БОЛУЫНЫҢ БЕС СЕБЕБІ

1 Аналардың мықты денсаулығы мен сәбилердің өмір сүру мүмкіндігінің артуы

**! тым ерте
тым кеш
тым жиі**

Контрацепцияның заманауи әдістері әйелдерді тым ерте, тым кеш, тым жиі жүкті болуына жол бермейді.

Контрацепцияны қолдану асқыну қаупі жоғары жүктілік пен босану санын азайтады. Әсіресе осы себептер ана мен сәби өлімі статистикасына елеулі үлес қосады.



Контрацепция құралдарына қажеттілікті қанағаттандыру әйелге мынандай мүмкіндіктер береді:

Босанғаннан кейін өз денсаулығын қалпына келтіруге;

Отбасына және балаларына сүйіспеншілік таныту мен назар аудару үшін бос уақыттың болуына;

Жеке басын дамытуға жол ашады.

Бала санын арттыру мен ұрпақ өрбінде халықтың, әсіресе ескелең ұрпақ денсаулығын назарда ұстау Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының ажырамас факторлары әрі мемлекет пен азаматтардың өзара сабақтасқан үрдісі.

2 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына септеседі



Еуропа елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, контрацепция құралдарын қолданудың артуы түсік түсірудің орнын басады, бірақ туылу деңгейін азайтпайды.

Қарама-қарсы мысал: туудың айтарлықтай төмендеуі және түсік түсіру санының өсуі посткеңестік елдер аумағында 90-жылдарда бірден экономикалық құлдырау кезеңінде байқалды.

Жасөспірімдер жүктілігі елдің кедейлік деңгейінің қосалқы көрсеткіші. Бұл азайғанда жастардың жақсы білім алып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндігі артады. Отбасын құруды жоспарлауда халық пен мемлекеттің мүдделестігі отбасы саясатының гуманистік құндылықтарын қолдап, азаматтардың денсаулығы мен әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге әсер етеді.

3 Түсік түсіру санын азайту



Қазақстанда **әрбір алтыншы** жүктілік түсікпен аяқталады¹.



Бала табатын жастағы **әрбір бесінші** әйел өз өмірінде кем дегенде бір рет түсік жасайды.

¹ «Қазақстан Республикасында түсікті талдау», ЮНФПА есебі, 2019 жыл

71%

(Бей)ресми некедегі 15–19 жастағы әйелдердің **71%**, контрацепция әдісін қолданбайды². Бұл қалаусыз жүктілік пен босанудың жоғары көрсеткішін көрсетеді.

² Мульти-индикаторлы кластер зерттеуі, Қазақстан, 2015 жыл. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі статистика Комитеті



Орташа алғанда 1000 қыз баланың 5-уі 15–18 жаста түсік жасатады, ал жасөспірімдер арасында босану жиілігі ЕЭЫДҰ елдерге қарағанда 6 есе жоғары³.

³ «Қазақстан Республикасындағы жасанды түсік талдауы», UNFPA есебі, 2019 жыл

Бүгінде қолжетімді контрацепция құралдары жасанды түсік жасатушылар санын азайтып, оның ішінде қауіпті қадамға тәуекел ететіндерді құтқарады. Жасанды түсік соңы өлімге не өмір бойы бала сүю бақытынан айырылуға апарып соғуы мүмкін.

x10

Контрацептивтердің құны күтпеген жүктілік кесірінен келетін шығыннан 10 есе аз.

Ішке қабылдайтын контрацептивтерді тегін ұсыну немесе оны қаржыландырудың болашақ денсаулық сақтау жүйесіне экономикалық пайдасы бар екені дәлелденген. Қазақстандағы экономикалық зерттеулер⁴ нәтижесі бойынша контрацептивтерге кеткен шығындар күтпеген жүктілік зардабын, жасанды түсік, жыныс жолдары инфекциясын емдеу, бедеулік пен аналар өліміне алып келетін жағдайларға жұмсалған ақшадан 10 есе арзан.

15–19 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін тегін контрацептивке қаржы бөлу күтпеген жүктілік әсерінен туындайтын түсік тастау, жүктілік пен босанудың асқынуын емдеу, жаңа туған нәрестеге берілетін әлеуметтік жәрдемақы және басқа да қажетті шығындарды үнемдейтіндіктен экономикаға 6 есе пайда әкеледі⁴.

⁴ «Ішке қабылдайтын контрацептивтерді тегін ұсынудың Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау бюджетіне ықпалы», экономикалық зерттеулер — budget impact analysis, UNFPA, 2017, 2018 жыл

Халықтың басым көпшілігі дәрі-дәрмек нарығындағы қымбат бағалардың себебінен контрацепциялық өнімдерді қолданбай отыр.

Бүгінгі контрацепциялық дәрілердің халыққа қолжетімділігінің ғылыми дәлелденген көрсеткіші ретінде әр отбасының оларды сатып алуға жұмсайтын шығын үлесі алынады.

Тиісті көрсеткіш — жанұяның бір жылдық жиынтық кірісінен 1%-ға тең. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 12%-ды құрайды. Демек қазақстандықтардың көп бөлігі мұны мүлдем қолданбайды немесе сирек пайдаланады. Бұдан халықтың өсіп-өну мәселесі шешілмейді⁵.

⁵ «Қазақстан Республикасындағы жүктіліктен сақтайтын дәрілер нарығы сегментациясын зерттеу есебі», UNFPA, 2015 жыл

44%

Соңғы он жылда бала көтеруге қабілетті жастағы әйелдердің, оның ішінде (бей)ресми некеде тұратын және контрацептивтер қолданбайтындарының үлесі **44%-ды** құраған².

4 Жыныстық жолмен берілетін инфекция мен адамның иммун тапшылығы вирусынан сақтану

Контрацепция АИТВ және басқа да жыныстық жолмен тарайтын аурулардың жұғуына тосқауыл болады. Бұл уақытынан ерте босану, түсік тастау, өлі туу немесе бедеулікке әкелетін кіші жамбас ағзаларының қабынуын азайтып, ұрпақ өрбіту сәтсіздігінен сақтайды.



Қазақстан репродуктивті медицина қауымдастығының бағалауынша елдегі ерлі-зайыптылардың **17%-ы бір сәбиге зәру**. 2010-18 жыл арасында елде 5770 экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭҚҰ) бағдарламасы жүргізіліп, олардың 12% ғана тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында қамтылды. ЭҚҰ мемлекет бюджеті үшін де сәби сүйе алмаған отбасына да экономикалық салмақ түсіреді.

62%

Қазақстанда АИТВ-ның жыныстық қатынас арқылы жұғу жолы 62% пайызды құрайды. Сондықтан халықтың мұндай инфекциялардың таралу түрлері мен олардан қорғану әдістерінен хабардар болуы — денсаулық сақтау ұйымының негізгі міндеттерінің бірі. Қауіпке бірінші болып ұрынуы мүмкін жастар мен жасөспірімдер жіті назарға алынуы тиіс.

Мемлекет есебінен контрацептивтермен (презервативтер) тегін қамтамасыз ету инфекцияның таралуын төмендетіп және жасөспірімдер арасында күтпеген жүктіліктің алдын алып, жағдайды едәуір жеңілдетеді.

16,5

Қазақстандағы жыныстық дебют медиана жасы — 16,5⁶.



2/3

15–24-тегі жастардың үшеуінің екеуі АИТВ-тың жұғу жолдарын білмейді⁷.

Ер мен әйелдер презервативтерінің қолжетімділігі ЖЖЖИ мен АИТВ-ның таралу деңгейін төмендетеді.

44%

Жыныстық жетілген жасөспірім ұлдардың 44%-ы 4 және одан да көп адаммен төсек қатынасына түседі.

Көбіне жеткіншектер тәртіпсіз жыныстық өмір тәжірибесінде кездесетін қауіптен қорықпайды.

^{6,7,8} «15-19 жастағы жастардың ұрпақ өрбіту қабілеті мен жыныстық әдебі және денсаулық талаптары тұрғысынан ақпараттандырылуын анықтау бойынша әлеуметтік зерттеу», UNFPA, 2018; «Жас семьялардың контрацепция әдістері мен отбасыны жоспарлаудағы білім деңгейін бағалаудағы әлеуметтік зерттеу», UNFPA, 2019

5

Әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейтеді

Бала саны мен туу мезгілін жоспарлай білетін әйел сапалы білім мен кәсіби жұмысын меңгеруде мүмкіндіктерге қол жеткізе алады.

Бұл олардың болашақта отбасының әлеуметтік-экономикалық дамуына көмектеседі.



Еуропа елдерінде жұмыс күшінде гендерлік айырмашылықты жою айтарлықтай экономикалық артықшылыққа алып келеді. Әртүрлі бағалау көрсеткендей бұл ЖІӨ-нің 5-тен 30%-дан аса өсуіне көмектеседі.

